

«ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ЗАМАНСӨЗ: ДӘСТҮРЛЕР ДИАЛОГЫ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция

2017 жылы 11 сәуірде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультеті «әл-Фараби әлемі» оқулары және V Қожакеев оқулары аясында

«ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ЗАМАНСӨЗ: ДӘСТҮРЛЕР ДИАЛОГЫ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
материалдары жинағы

Жас мультимедиашылар серігі

Гүлмира Сұлтанбаева,

саяси ғылымдарының докторы, профессор

XXI ғасырда ақпараттық-коммуникативті технологиялар қоғам мен БАҚ-тың дамуына әсер ететін маңызды факторлардың біріне айналды.

Соңғы жылдары ҚР БАҚ жүйесі айтарлықтай өзгеріске ұшырауда. Компьютерлік технология саласындағы жылдам ілгерілеу, ғаламтордың пайда болуы мен дамуы, заманауи ақпараттық-коммуникативтік ортаға үлкен өзгерістер әкелуде. Ғаламтор ҚР қоғамдық өмірінің белгілі деңгейін қамтитын қуатты ақпараттық ортаға айналды. Жаңа ортада ғаламторлық БАҚ белсенді дамып, айтарлықтай орынға ие болды. Елімізде интернет-медианың пайда болуы және дамуымен бірге, бұқаралық коммуникация саласында еңбек ететін адамдарға, журналистерге, қоғаммен байланыс бойынша қызметкерлерге де талап күшейді. Бұл сала ертеректе тек гуманитарлық бағытқа жатқан болса, қазіргі уақытта компьютерлік және ғаламторлық технологияларды білу жүйелік БАҚ салаларында нәтижелі еңбек етудің шартына айналды.

Заманауи қоғамда желілік басылымдардың ерекшелігі мен қызметінің негізгі қағидаларын білу, бұқаралық коммуникация саласындағы мамандардың табысты еңбегінің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл еңбекте бұқаралық ақпарат құралдарының жүйесіндегі мультимедиа қызметі анықталып, желілік БАҚ-тың экономикалық, құқықтық, құрылымдық бағыттары және өзге де аспектілерде қызмет етуінің ерекшеліктері көрсетіледі. Журналистер мен қоғаммен байланыс бойынша қызметкерлердің ғаламтор технологиясын пайдаланудың ережелері мен талаптары жан-жақты зерттеулер нәтижелері аясында беріледі.

Ақпараттық технологиялар саласындағы мемлекет саясаты нарықты дамытудың негізгі факторы БАҚ болып табылады. Кастельс өз еңбегінде Қытай, Жапония және өзге мемлекеттердің тарихи мысалы арқылы технологиялық жаңашылдықты тежейтін, жеделдететін немесе басқаратын технологиялық дамудың бүкіл үдерісіне әсер ететін фактор «мемлекет» екенін дәлелдейді. Демек, қоғам технологиялық өзгерістерге мемлекет қуатын пайдалана отырып, технологияның дамуын тежейді немесе мемлекеттің араласуы арқылы бірнеше жылдың ішінде экономиканы өзгертіп, әскери қуат пен әлеуметтік жағдайды арттыратын технологияның модернизациялану үдерісін жеделдете алады. Өткен ғасырдың аяғында көптеген ел ақпараттық қоғамды қалыптастыруды дамудың стратегиялық нысаны ретінде алды. АҚШ-та, Жапонияда және Еуропа елдерінде қабылданған жаңа қоғамды дамыту бағдарламалары жалпы заманауи ақпараттық-коммуникациялық құрылымдардың, медиа жүйелердің жақсаруына да айтарлықтай әсер етті. Ақпараттық қоғам идеясын жүзеге асыруға кешенді саяси қадамдар жасаған алғашқы елдердің бірі АҚШ болды.

Әлемдік тәжірибе, әрбір ел ақпараттық қоғам қалыптасқан саяси, әлеуметтік экономикалық және мәдени жағдайлармен анықталатын бастапқы межеден бастап өз жолымен жүріп келе жатқандығын дәлелдеуде. Қазақстанның ақпараттық қоғамға өтуі әлі 10-15 жылға жалғасады, оның саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы дамыған елдерден айтарлықтай ерекшеленеді.

Дамыған елдерде ақпараттық қажеттіліктің үнемі өсуін және ақпараттық өнімдер мен қызметке төлем жүргізе алатын сұранысты қамтамасыз етіп отыратын нәтижелі қызмет атқарып тұрған экономикасы, ақпараттық қызметтің негізгі тұтынушысы болып табылатын қуатты орта тобы бар. Дамыған мемлекеттерде өндіріс орындары мен тұрғындарға ақпараттық өнімдер бойынша қызмет көрсете алатын инфрақұрылым, компьютерлік білім қалыптасты және ғаламтор ұсынатын қызмет түрлері де қарқынды дамып келеді.

Мультимедиалық жаңа технологиялардың дамуына байланысты БАҚ-тың барлық жүйесінің негізгі жұмыс істеу қағидалары өзгерді. Ғаламтордың пайда болуымен журналист маманы айтарлықтай трансформацияларға түсуде. Бас редактор, редактор, бөлім жетекшісі, шолушы, корреспондент, репортер сияқты вертикалды басқару түрінің орнына орталық орында мультимедиа журналисі тұратын мүлде жаңа жүйе орнауға жақындап келеміз. Журналист мамандарға да талаптар түбегейлі өзгергендігін заман ағымы аңғартуда. Өзінің кәсіби қызметін желіде іске асырып жүрген журналист компьютерлік технология және журналисттік шеберлікті бірдей игеру керек. Желілік ортадағы журналисттің кәсіби қызметі екі бағыттан тұрады – ғаламторлық БАҚ-та материалды даярлау кезінде ақпараттық-мультимедиалық технологияларды қолдану және желі басылымын жарыққа шығару.

Қорыта айтқанда, қазіргі заманда қызмет атқаратын әмбебап журналисте болуы керек білім мен шеберліктің аясы:

—компьютерлік білім. Мәтінді теру мен өзгертудің мәтіндік редакторларды, мультимедиалық ақпаратты өңдеу бағдарламаларын пайдалана алу. Ғаламторға шыға алу үшін бағдарламалық қамсыздандыруды білу, заманауи техниканы – сандық фотоаппарат, сканер, веб-камера, принтер, ноутбукты және т.б. пайдалана алу;

—мультимедианы жетік меңгеру. Ғаламтор ресурсы мен оның қызметін толық түрде қолдана алатындай білу. Керекті ақпаратты таба алу үшін іздеу жүйелерінің жұмыс механизмін білу;

Мультимедиалық журналистика

—ғаламтор қызметін пайдалана алу. Электронды пошта, жаңалықтар тобы, чаттар, телеконференцияларды еркін пайдалану;

—желі этикасын сақтау. Ғаламторлық ортаның коммуника- тивті заңдылықтары мен ерекшеліктерін, желінің лексикасы мен мәдениетін, ғаламторда қарым-қатынас жасаудың психологиялық ерекшеліктерін білу;

—сайт басқару жүйесін игеру. БАҚ-тың ғаламтордағы веб- редакциясы мен менеджментінің жұмыс ерекшелігін білу.

Желіде жұмыс істейтін журналист маман нәтижелілікті арттыру үшін:

—өз бетінше білім алуға, жаңа технологияларды игеруге ықылас танытуы;

—өте үлкен көлемдегі ақпаратты сараптап, құрылымдай алуы;

—ғаламтор ресурстарын толықтай пайдалана алуға және әлемдік ақпараттық ортаға ену үшін шет тілін білуі;

—желідегі нақты және күдік туғызатын ақпараттың көптігіне байланысты күдікті фактілерді айыра алу үшін жоғары деңгейде сыни ойлай алуы керек.

Желідегі алғашқы айтарлықтай басылымдар жарық көрген 1998 жылдан кейін журналистер ғаламторға басылымды жариялау ортасы ретінде назар аударыла бастады. Қазіргі уақытта журна- листің кәсібилігіне талаптар күрт жоғарылауда. Компьютер мен ғаламторға қолжетімділік бар кезде журналист мамандығын алу жеңілдейді. Кез келген адам өз материалын желіде дариялай алады. Алайда осыған байланысты жұмыс нарығында кәсіби журналистер ғана шыдай алатындай бәсекелестік күшейеді. Сондықтан мультимедиалық журналист болу үшін қойылатын талаптар- ға мыналар да жатады:

—жалпы мәдениет пен сауаттылық;

—кәсіби шеберлік, мультимедиалық құралдарды игеруі;

—берік әлеуметтік ұстанымының болуы.

Мультимедиалық журналистика дегеніміз – өткен нәрсені сызып тастап, жаңа бір дүние бастау, «ойдан ойыншық құрастыру» деген сөз емес. Бұл – жаңару мен өсу, заман көшіне ілесу. Тек сол ғаламтордың, оның әсерінен туындаған БАҚ-тың жаңа формасы – жаңа медианы өз ой-санамызға лайықтап қолдансақ болғаны. Қазақ баспасөзінде қалыптасқан мектеп пен кәсіби шеберлік енді интернет-журналистикада да біртіндеп қалыптасып келеді. Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы: «Алаш азаматтары, білмей жазып, елді адастырсаңыздар, алты миллион қазақтың обал-сауабы сіздің мойныңызда, сондықтан не

айтсаңыз да біліп айтыңыз, не жазсаңыз да біліп жазыңыз. Сіз адассаңыз, сіздің соңыңыздан халық адасады», – деген жауапкершілікке толы аталы сөздері интернет журналистикамызға тікелей қатысы бар. Осы қарапайым қағиданы жас журналистер нық ұстанса, журналистиканың қай саласы болмасын елдегі тұрақтылықты сақтауға қызмет етері сөзсіз.